

# Сөз «инженері»

**Жақында ғалым, өлкетанушы, публицист, профессор Серік Жақсыбаевтың туғанына 85 жыл толуына орай «Жақсыдан қалған жарқын із» атты көрме ұйымдастырылды. Аталмыш шара Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде өтті.**



## Мереке АМАНТАЙ

Серік Имантайұлы 1934 жылы дүниеге келген. Ол бүкіл өмірін тау-кен өнеркәсібі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына арнады. 65 жылдан астам уақыт шығармашылықпен айналысып, Түркі жұртының тарихын зерттеп жазуда үлкен қайраткерлік танытқан, көптеген зерттеу еңбектерінің авторы.

Ғалымның 85 жылдығына арналған кешке оның жиені Ерболат Әміренов қатысып, нағашысы туралы естеліктермен бөлісті.

- Атамыз - бар өмірін ізденіспен өткізген еңбекқор адам. Тірі болса, әлі де берері көп, айтары мол еді. Шындығында, ол кен инженері емес, сөз «инженері» еді. 60 жылға

жуық жинаған еңбегі, Қаржастан шыққан тарихи тұлғалар жайындағы шежіре кітабы бүгінгі ұрпаққа қалдырған құнды дүние еді. Ол Бұқартану ғылымының негізін қалады. Былтыр ғана 200 жылдығын атап өткен Мұса Шорманұлының өмірі жайында көлемді дүние жазып, бір кітапқа арқау болатын құнды деректерді ұсынды. Екібастұз өлкесінің тарихын, жерінің құты, елінің киесі жайында жазған деректері бүгінде таптырмас қазынаға айналды. Өмірінің нүктесін де үлкен ғибратпен қойған еді. Ең соңғы қаламынан туған кітабы «Ғылым Құраннан басталады» болатын. Бұл кітапты көп том етіп жазам деп отырғанда дүниеден озып кетті. Өзі кетсе де, артынан құнды еңбектері қалды. Атамыздың еңбегін елеп бүгінгі



көрмені ұйымдастырып отырған Бұқар жырау музейіне зор алғысымды айтамын, - дейді Е.Әміренов.

Көрмеге ғалымның еңбек жолы мен қызметтері жайлы деректер жинақталды. Көптің назарына ғалымның ғылыми еңбектері, зерттеу мақалалары, кітаптары мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалары ұсынылды.